

Бөлшек сатып алу-сатудың жария оферта шарты

Осы бөлшек сатып алу-сатудың жария шартын (бұдан әрі – Шарт) бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын «Аршалы KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының Азматтық кодексінің 387, 395, 396 баптарының және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның талаптарына сәйкес жасады және бекітті және Сатушы мен бұдан әрі «Бөлшек сатып алушы» деп аталатын жеке және заңды тұлғалардың анықталмаған шегі арасында мына қалаларда орналасқан Астана қ., Ақмола облысы, Екібастұз қ., (бұдан әрі бірлесе – дүкендер деп аталатын) «ZETA» сауда маркасының дүкендерінде және Сатушының <https://astana.zeta.kz>; <https://ekibastuz.zeta.kz> сайттарында/интернет дүкендерінде тауарды бөлшек сатып алу-сату барысында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді.

Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Сатушы – «Аршалы KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 150240006114, мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан Республикасы, 020202, Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Жібек Жолы ауылы, Бірлік көшесі, 55 құрылыс.

Бөлшек сатып алушы (бұдан әрі – Сатып алушы) – кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес, жеке немесе отбасылық пайдалану мақсатында Тауарды қолма-қол және тапсырыспен, дүкендерде ұсынылған бағалар бойынша, көлемде және ассортиментте сатып алу-сатуда Сатушының ұсынысында көзделген жария офертаның шарттарын қабылдаған кез келген жеке немесе заңды тұлға.

Тараптар – осы Шарт шеңберінде бірлесе аталатын Сатушы мен Бөлшек сатып алушы.

Тауар – Сатушы дүкендерде сататын азық-түлік емес өнім.

Жария оферта – Сатушының тауарды дүкендерде көрсетілген құны бойынша беру және ұсыну жолымен бөлшек сатып алушылардың шектелмеген санына жасаған осы Шартқа қосылу туралы ұсынысы.

Акцепт – Сатып алушының Тауарды сатып алуы және оның құнын төлеуі арқылы офертаны қабылдау жолымен осы Шартқа қосылуы. Шартқа қол қою талап етілмейді, Сатып алушының Акцепт жасауы Сатып алушының осы Шарттың барлық талаптарымен танысқанын, келіскенін және қабылдағанын білдіреді; Сатып алушының Шартты іске асыру мақсатында ақпараттық жүйелер арқылы жеке деректерді алуға және өңдеуге келісім бергенін білдіреді; Шарт электрондық нұсқада жасалды және жарамды; аталған Шарт жасасу Шартты жазбаша нысанда жасасумен тең саналады.

Маман – Бөлшек сатып алушыға Тауардың қасиеттері, сипаттары, оны жасап шығарушы, дайындау материалы, берілетін кепілдіктер, қолдану және құнына қатысты консультациялар беретін және Сатушы мен Бөлшек сатып алушының арасында Тауарды сатып алу-сату жөніндегі мәмілені тікелей ресімдейтін Сатушының уәкілетті өкілі/қызметкері (соның ішінде дүкен директоры, интернет-дүкеннің аға менеджері, сату жөніндегі менеджер, мерчендайзер, сатушы-консультант).

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарттың талаптары бойынша Сатушы осы Шарттың талаптарына сәйкес тауарды ұсынады және сатады, ал Сатып алушы Шарттың талаптарымен келіседі, осы Шартпен белгіленген бағалар бойынша, мерзімде және тәртіпте Тауардың құнын төлейді және оны өз меншігіне алады.

1.2. Сатушы осы Шарттың шеңберінде сатылатын Тауар Сатушыға меншік құқығында тиесілі екеніне, тиісті деңгейде ресімделгеніне, барлық қажетті сертификаттары мен рұқсаттары бар екеніне, кепілдікте емес екеніне және ауыртпашылық салынбағанына, үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарынан босатылғанына кепілдік береді.

1.3. Тауардың құнын төлеу Акцепт (офертаның қабылданғаны) және Бөлшек сатып алушының осы Шартқа қосылғаны туралы куәландырады.

1.4. Тауардың құнына ҚҚС-12% қоса есептелген.

2. Сатушының құқықтары

2.1. Сатушы мыналарға міндетті:

- 2.1.1. әрбір өңірдің дүкендерінде аталған өңірдің барлық әлеуетті Бөлшек сатып алушылары үшін тауардың бірдей және тең құнын белгілеуге. Өңірге қарай тауардың құнында қосымша жүкқұжаттарға және көлік шығыстарына байланысты шамалы айырмашылықтар (5%-дан артық емес) болуы мүмкін.
- 2.1.2. сауда объектісінің ішкі және сыртқы сөрелерінде қойылған, баға белгісінде ресімделген тауардың құнын теңгемен көрсетуге;
- 2.1.3. интернет-дүкендер арқылы сатып алу-сату кезінде тұтынушыға Тауардың құны және оны төлеу рәсімі туралы ақпарат беруге;
- 2.1.4. Тауарды сату кезінде бір Сатып алушыға басқаларының алдында артықшылық бермеуге;
- 2.1.5. Сатып алушыға тауар туралы, оның құны мен жасап шығарушы туралы барлық қажетті ақпаратты беруге,
- 2.1.6. қауіпсіздік және сапа талаптарына сәйкес келетін тауарларды сатуды қамтамасыз етуге;
- 2.1.7. Сатып алушының тауарды еркін таңдауын қамтамасыз етуге;
- 2.1.8. қолданыстағы заңнаманың және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес тиісті сападағы тауардың да және сапасы сәйкес емес тауардың да айырбасталуын, қайтарылуын және кепілдікті қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге;
- 2.1.9. Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен көзделген тәртіпте және жағдайларда бақылау-кассалық машиналарының болуына;
- 2.1.10. тауарды сату кезінде тауардың сатып алыну фактісін растайтын құжатты беруге;
- 2.1.11. мәлімделген жұмыс режимін сақтауға;
- 2.1.12. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге де талаптарды орындауға;
- 2.1.13. Сатып алушыға тауарды мерзімінде және тиісті сапада, көлемде және осы Шартпен көзделген номенклатурада беруге/жөнелтуге/жеткізуге міндетті.

3. Сатып алушының құқықтары мен міндеттері

3.1. Сатып алушы мыналарға міндетті:

- 3.1.1. тауардың құнын төлеуге;
- 3.1.2. осы Шарттың талаптарына сәйкес тауарды қабылдап алуға міндетті.

3.2. Сатып алушы мыналарға құқылы:

- 3.2.1. тауар туралы, сатушы туралы, жасап шығарушы туралы ақпаратты алуға;
- 3.2.2. тауарды еркін таңдауға;
- 3.2.3. тиісті сападағы қауіпсіз тауарды сатып алуға;
- 3.2.4. осы Шартта көзделген тауарларды кері қайтару және айырбастау талаптарына және/немесе Сатушы бекіткен тауарларды айырбастау және кері қайтару қағидаларына сәйкес тауарды айырбастап алуға немесе кері қайтаруға;

3.2.5. Сатушының кепілдік міндеттемелерінің талаптарына сәйкес тауарға кепілдік қызмет көрсетуді алуға құқылы.

4. Тауардың құнын төлеу және оны қабылдау-өткізу тәртібі

4.1. Сатып алушы Сатушының дүкенінде тауарды таңдағаннан кейін оның құнын келесі жолдардың бірімен төлейді:

4.1.1. қолма-қол ақша және/немесе банктік төлем карталары және/немесе дүкен кассасы арқылы QR-төлеммен;

4.1.2. Маман берген төлем шотының негізінде Сатушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару арқылы (бұл төлем әдісі жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін қолжетімді);

4.1.3. банктік төлем карталары және/немесе QR-төлемі арқылы және/немесе Сатушының «astana.zeta.kz», «pavlodar.zeta.kz», «ekibastuz.zeta.kz» веб-сайтында/интернет-дүкендерінде: төлемге шоты арқылы Сатушының есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы.

4.2. Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген төлем әдістері толық болып табылады. Басқа төлем әдістерін Сатушы қабылдамайды. Мобильді банкинг қосымшалары арқылы банк карталарына және Маман көрсеткен телефон нөмірлеріне аударуға рұқсат етілмейді.

4.3. Сатушыдан Сатып алушыға тауарды беруді Маман және/немесе Сатушының уәкілетті қызметкері төлем құжатында көрсетілген тауардың толық құнына төлемді салыстырғаннан кейін жүзеге асырады.

4.4. Тауарды Сатушыдан Сатып алушыға беру тәсілдері:

4.4.1. дүкенде тауардың құнын төлегеннен кейін тауарды өздігімен алып кету;

4.4.2. Сатып алушы көрсеткен мекенжай бойынша тауарды жеткізуге тапсырыс беру, бұл ретте тауарды жеткізу құнын, мерзімін және тәртібін жеткізуге тапсырыс берген кезде Маман анықтайды;

4.4.3. Сатушы көрсеткен қоймадан жөнелту.

4.5. Сатып алушы заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер болып табылатын жағдайларда, тауарды Сатып алушының уәкілетті тұлғасына беру Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес Д-1 нысанындағы қолданыстағы сенімхат негізінде жүзеге асырылады.

4.6. Шарттың 4.4.2 және 4.4.3-тармақтарында көзделген тәсілдермен тауарды беру тауарға төлем құжатын ұсынғаннан кейін, Сатып алушы/Сатып алушының уәкілетті тұлғасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығына 26-қосымшаның 3-2-нысанына сәйкес тарапқа тауарды жіберу жүкқұжатын толтырғаннан және қол қойғаннан кейін жүзеге асырылады.

4.7. Сатып алушы тауарды алған кезде тауардың номенклатураға сәйкестігіне, олардың санына, толықтығына, бүтіндігіне көз жеткізуге міндетті.

4.8. Тауар 4.7-тармақта көрсетілген талаптардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келмеген жағдайда, Сатып алушы бұл тауарды алудан бас тартуға және Маманнан номенклатурасына, санына, толықтығына, бүтіндігіне сәйкес тауарды талап етуге құқылы.

4.9. Сатып алушыға тауарды беру мерзімі Сатушының қоймасында тауардың болуына байланысты және тауардың құнын төлегенге дейін Маманмен келісіледі, бұл ретте Сатып алушыға тауарды беру мерзімі Сатып алушы оның құнын төлеген күннен бастап 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспауы керек.

4.10. Сатып алушының тапсырысы/өтінішіне сәйкес арнайы өндірілген және/немесе жеткізілген Тауарды алудан Сатып алушы негізсіз бас тартқан жағдайда, сондай-ақ оның дайындығы туралы хабарлама жіберілген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен астам уақыт ішінде жалтарған жағдайда, Сатушы Сатып алушы төлеген ақшадан Тауар құнының 30 % (отыз пайызы) мөлшерінде айыппұл ұстап қалуға және төленген ақшаның қалған бөлігін Сатып алушыға қайтаруға құқылы. Сатып алушының тапсырысы/өтінішіне

сәйкес арнайы өндірілген және/немесе жеткізілетін Тауардың дайындығы туралы хабарламаны Сатушы/Маман Сатып алушы Тауарға тапсырыс беру кезінде көрсеткен телефон нөміріне (соның ішінде SMS, WhatsApp және басқа мессенджерлер) мәтіндік хабарламалар арқылы жіберуі мүмкін.

5. Тауарды айырбастау, қайтару және кепілдік қызмет көрсету шарттары

5.1. Тауарды айырбастау, қайтару және кепілдік қызмет көрсету Сатып алушы тауарды сатып алған дүкенде жүзеге асырылады. Қайтару, айырбастау және/немесе кепілдік қызмет көрсету мақсатында Тауарды дүкенге жеткізу және оны дүкеннен Сатып алушыға қайта жеткізу Сатып алушының күшімен және есебінен жүзеге асырылады.

5.2. Тиісті сападағы тауарларға – Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы техникалық регламенттер мен өзге де стандарттардың талаптарына сәйкес келетін (жарамды сертификатпен/сәйкестік туралы декларациямен расталған), жалпы қабылданған және белгіленген мақсаттарға сәйкес күнделікті пайдалануға жарамды және жарамдылық мерзімі күшіндегі тауарлар жатады.

5.3. Тиісті сападағы Тауарды айырбастау мен қайтару мерзімі: Сатып алушының Тауарды алған күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде.

5.4. Тиісті сападағы тауарды қайтару және алмастыру шарттары:

5.4.1. Тауар чегінің және/немесе Тауардың сатып алынғанын растайтын басқа да құжаттың болуы;

5.4.2. Тауардың қолданыста болмауы;

5.4.3. Мыналардың сақталуы:

- 1) тауарлық жағдайы (қаптаманың тұтастығын қоса алғанда);
- 2) тұтынушылық сипаттары;
- 3) пломбалар, жапсырмалар.

Тауарды мөлшері, пішіні, өлшемі, стилі, түсі, жиынтығы және т.б. ұқсас тауарға немесе тараптардың келісімі бойынша басқа тауарға айырбастауға болады, баға айырмашылығы болған жағдайда қайта есептеу қажет.

5.5. Тиісті сападағы төмендегі тауарлар қайтарылмайды және ауыстырылмайды:

- 1) іш киім;
- 2) шұлық бұйымдары;
- 3) өсімдіктер;

4) өлшенген тауарлар, атап айтқанда талшықтардың барлық түрлерінен жасалған маталар, дастархандар, трикотаж және шымылдық маталар, жасанды үлбірлер, кілем бұйымдары, тоқыма емес материалдар, таспалар, шілтерлер, жіңішке таспалар, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, багеттер, пленкалар, клеенкалар;

5) толық жинақталмауына, дизайны мен орамындағы ақауларға және/немесе сол сияқтыларға байланысты арнайы жеңілдікпен сатылған тауарлар қайтаруға, айырбастауға және кепілдікті қызмет көрсетуге жатпайды, бұл туралы Сатып алушы Сатушының дүкендерінде тиісті хабарландырулар арқылы хабарланады және Сатып алушы Маманнан түсіндіруді талап етуге құқылы.

5.6. Сапасы сәйкес емес тауарларға мынадай тауарлар жатады:

1) тауарды сату кезінде оның жарамдылық мерзімі өтіп кеткен болса;

2) тауар техникалық регламенттерге, стандарттау жөніндегі құжаттарға сәйкес келмесе (құжатпен расталуы тиіс);

3) тауар зияткерлік меншік құқықтары бұзыла отырып, дайындалған болса (құжатпен расталуы тиіс);

4) тауардың жалпы қабылданған және белгіленген мақсаттарға сәйкес оны күнделікті пайдаланудың мүмкін еместігін көрсететін елеулі ақаулары болса, бұл ретте Сатып алушы бұл кемшіліктердің Тауарды Сатып алушыға бергенге дейін пайда болғанын және

Тауарды дұрыс тасымалдамау, сақтамау және пайдаланбау нәтижесінде туындамағанын дәлелдеуге міндетті.

5.7. Сапасы сәйкес емес тауарды айырбастау/қайтару мерзімі – Сатып алушыға берілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде.

5.8. Сапасы сәйкес емес тауарларды оның пайдаланылуына, тауарлық жағдайының, тұтынушылық қасиеттерінің, пломбаларының, жапсырмаларының сақталуына қарамастан, жоғарыда белгіленген мерзімде Сатушы айырбастауға/қайтаруға тиісті.

5.9. Тауарды айырбастау, қайтару тәртібі Сатушының ішкі актілерімен реттеледі және Сатушының сайтында/интернет-дүкендерінде және дүкендердің касса аймақтарында танысу үшін орналастырылады.

6. Кепілдіктер және кепілдік міндеттемелерін орындау шарттары

6.1. Кепілдік мерзімі – Сатушы белгілеген, күнмен, аймен, жылмен немесе сағатпен, жұмыс циклімен, жүру километрмен немесе басқа ұқсас көрсеткіштермен белгіленген уақыт кезеңі, ол тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) сатып алынған күннен бастап есептеледі, оның барысында Сатып алушы тауарды дұрыс пайдаланған, сақтаған және күтіп ұстаған жағдайда, тауардың сапасына кепілдік беріледі.

6.2. Сатып алушы кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақауларына байланысты талаптарды қоюға құқылы.

6.3. Кепілдік мерзімі тауар Сатып алушыға берілген сәттен бастап есептеледі.

6.4. Сатушы Тауарға келесідей кепілдік мерзімдерін белгілейді:

№ р.с	Тауарлардың санаты	Кепілдік мерзімі, аймен
1	«ZETA» сауда маркасының корпусты жиһазы	12
2	Өндіруші кепілдік мерзімін белгілемеген болса, үшінші тарап өндірушілері мен жеткізушілерінің корпусты жиһазы	6
3	«ZETA» сауда маркасының жұмсақ жиһазы (оның ішінде биіктігі реттелмейтін және кеңсе және ойын креслоларына жатпайтын кереуеттер, дивандар, пуфтер, оттомандар, массаж үстелдері)	12
4	Өндіруші кепілдік мерзімін белгілемеген болса, үшінші тарап өндірушілері мен жеткізушілерінің жұмсақ жиһазы (оның ішінде биіктігі реттелмейтін және кеңсе және ойын креслоларына жатпайтын кереуеттер, дивандар, пуфтер, оттомандар, массаж үстелдері)	6
5	Металдан жасалған жиһаз, оның ішінде «ZETA» сауда маркасының металл жақтауы бар корпусты жиһазы	12
6	Өндіруші кепілдік мерзімін белгілемеген болса, үшінші тарап өндірушілері мен жеткізушілерінің металдан жасалған жиһазы, оның ішінде металл жақтауы бар жиһазы	6
7	«ZETA» сауда маркасының отыруға арналған жиһазы (оның ішінде кеңсе және ойын креслолары, орындықтар, отырғыштар, табуреткалар, банкеткалар және басқалары)	12
8	Өндіруші кепілдік мерзімін белгілемеген болса, үшінші тарап өндірушілері мен жеткізушілерінің отыруға арналған жиһазы (оның ішінде кеңсе және ойын креслолары, орындықтар, отырғыштар, табуреткалар, банкеткалар және басқалары)	3
9	Өндіруші кепілдік мерзімін белгілемеген тауарлар	1

6.5. Кепілдік міндеттемесі – «Аршалы KZ» ЖШС-нің кепілдік мерзімі ішінде Сатып алушы анықтаған тауардың оның күнделікті қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін ақауларын (тауарды Сатып алушыға бергенге дейін пайда болған жасырын ақаулар) жою және/немесе оны ауыстыру және/немесе қайтару жөніндегі міндеттемесі.

6.6. Сатушының кепілдік міндеттемелерін орындау мерзімі – Сатып алушыдан тауарды алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күнге дейін.

6.7. Кепілдік міндеттемелерін орындау тәсілдері мен шарттары:

6.7.1. кепілді жөндеу, яғни тауардың ақауларын жою және оны жөндеу/құрамдас бөліктерін ауыстыру жолымен қайта қалпына келтіру;

6.7.2. кепілді жөндеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда – ақауы анықталған тауарды ұқсас тауарға (номенклатурасы, артикулы, дайындау материалы, бағасы бойынша бірдей тауарға) ауыстыру;

6.7.3. ұқсас тауарға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда – Сатып алушыға анықталған ақауы бар тауарды басқа тауарға ауыстыру, құнындағы айырмашылықты қосымша төлеу/қайтару ұсынылады.

6.7.4. Сатып алушы тауарды басқа тауарға (ұқсас емес) алмастырудан бас тартқан жағдайда – Сатып алушыға тауардың құны қайтарыла отырып, оны кері қайтару жүзеге асырылады.

6.8. Кепілдік міндеттемелері мына жағдайларда сатылған тауарға қолданылмайды:

6.8.1. тұтынушының дұрыс тасымалдамауы, пайдаланбауы немесе сапасыз тазалау және/немесе күту құралдарын пайдалануы салдарынан ақаулар мен зақымдар болса, сондай-ақ судың, жылыту құрылғыларының қолайсыз әсерлерінің іздері болса, рұқсат етілген жүктеме сақталмаса;

6.8.2. жиһазды өздігінен құрастырған/бөлшектеген кезде (Сатушының уәкілетті өкілі емес);

6.8.3. Сатып алушы Тауардың конструкциясын өздігінен өзгерткен немесе оның құрамдас бөліктерін ауыстырған жағдайда;

6.8.4. кепілдік мерзімі аяқталған жағдайда;

6.8.5. Сатып алушы өнімді сатып алу-сату алдында білген және оның нәтижесінде тауарға жеңілдік берілген ақаулар бар болса.

6.9. мыналар ақаулар/кемшіліктер болып табылмайды және кепілдік жағдайларына қолданылмайды: қаптау маталарының, былғарылардың түсінің шамалы өзгеруі; бояу жабыны түсінің шамалы өзгеруі және суретінің (декор) айырмашылығы; тұрақты пайдалану орындарында табиғи былғарыда пайда болатын шағын шаш тәріздес сызық жарықтары (жарықшақ әсері) және сызаттар; жүктемені тоқтатқаннан кейін пайда болатын және қолмен тегістегеннен кейін жоғалып кететін жұмсақ элементтердің қаптамасындағы аздап қыртыстар.

6.10. Кепілдік берілмейтін тауарлар санаты:

6.10.1. шыныдан, керамикадан және пластиктен жасалған ыдыс;

6.10.2. шаруашылық мақсаттағы пластиктен жасалған бұйымдар;

6.10.3. метрикалық өнімдер (дастархандар, пленкілер, маталар, ленталар және басқалары);

6.10.4. маталар мен іш киімдер (соның ішінде халаттар, ванна сүлгілері, дастархандар, жаймалар, жастық қаптары, төсек жапқыштар, жұмсақ заттар);

6.10.5. тұрмыстық химия;

6.10.6. бір реттік және/немесе тез тозатын азық-түлік емес заттар.

6.11. Кепілдік бойынша қызмет көрсету және кепілдік міндеттемелерін орындау тәртібі Сатушының ішкі актілерімен реттеледі және Сатушының веб-сайтында/интернет-дүкендерінде жарияланады және дүкендердің кассалық бөлімдерінде танысу үшін орналастырылады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Сатып алушы мен Сатушы арасында осы Шартты орындауға байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін барлық даулар немесе талаптар, ең алдымен, сотқа дейінгі (талап) реттеу және келіссөздер арқылы шешілуге тиіс, ал егер даудың немесе талаптың мәні бойынша келісімге қол жеткізілмесе, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге тиіс.

7.2. Шартты орындауға байланысты немесе Шартқа байланысты Сатып алушының барлық хабарламалары мен талаптарын Сатып алушы тауар сатып алынған Сатушы дүкенінің мекенжайына жіберуі тиіс және ол мыналарды қамтуы тиіс:

7.2.1. Сатып алушының толық байланыс деректері, соның ішінде аты-жөні, әкесінің аты/атауы, ЖСН/БСН, пошталық хат-хабарлар үшін Сатып алушының орналасқан жерінің нақты мекенжайы, байланыс нөмірі;

7.2.2. хабарламаның/талаптың мәні;

7.2.3. хабарламаны/талапты орындау және/немесе қарастырудың ақылға қонымды уақыты кемінде 10 (он) жұмыс күні.

7.3. Сатып алушының хабарламасы/талаптары осы Шарттың 7.2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Сатушы осы хабарламаны/шағымды тіркеуден және қабылдаудан бас тартуға және/немесе хабарламаны/талапты қараусыз қалдыруға құқылы.

7.4. Осы Шартпен көзделмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

7.5. Осы Шарт Сатып алушының акцепт түрінде қабылдаған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және түпкілікті орындаған күніне дейін жарамды болады.

7.6. Шарт электрондық нұсқада жасалған және жарамды; Сатып алушының осы Шартты акцепт түрінде қабылдауы Шартты жазбаша нысанда жасағанмен тең саналады.